


Орал қалалық білім беру бөлімінің А. Тайманов атындағы
№34 мектеп-гимназисы.

Ғылыми жобалар байқауы.

Тақырыбы: Бекіре-Қазақ еліндегі бағалы балықтардың бірі.

Секция: Биология.



Авторы: Арыстанғалиева
Қарақат.

А. Тайманов атындағы
№34 мектеп- гимназиясының
3"б" сынып оқушысы. Орал
қаласы.

Жетекшісі: А.Б, Бекжанова.

Ғылыми жұмыстың тақырыбы:

"Бекіре-Қазақ еліндегі бағалы балықтардың бірі".

Авторы: 3"б" сынып оқушысы - Арыстанғалиева Қарақат.

Жетекшісі: Нурашева Жазира Кожаягулқызы бастауыш
сынып мұғалімі

Аннотация

Бұл жобада саны мен түрі азайып бара жатқан бекіре балығының өсіп-жетілуі құндылықтары мен бағалы уылдырығы, дәмді еті, дене пішіні және тіршілік ету ортасы туралы зерттелген. Бастауыш сынып оқушысы көзімен зерттелген тақырып аясында мәліметтер қамтыла отырып, шығармашылықпен талданған және слайдтар да қоса беріліп отыр.

Аннотация

В предложенной работе даны не только общие сведения о количестве и вида осетровых рыб, но и рассмотрено ценность и польза икры, вкусное мясо рыбы и форма приспособления к окружающей среде. Данная работа исследованная ученицей начального класса, обогащенна не только информацией, но плюс к этому предложены презентационные слайды

Annotation

This project is about the white sturgeon. Its inhabited environment, the value of its growth, its delicious meat its body, its caviare were explored in, this work. These materials were taken apart creatively and were found by the pupil of an infant school.

Мақсаты: Қазіргі таңда түрі азайып бара жатқан бекіре балығының шығу тарихын, дамуын түрін және Арал теңізінде өсіру жолдарын насихаттау.

Міндеті:

Зерртеу бөлімі

. Хордалылар типіне жататын бекіре балығының түрі мен пайдасы туралы түсінік беру.

. Қолдан өсірілген бекіре балығының Қазақ елінде дамуы тарихында алатын орны туралы таныту.

Мақсатыма жету үшін қолданған әдіс-тәсілдерім:

1. Сұрақ-жауап.
2. сұхбаттасу.
3. Пікірлесу
- 4.Талдау- Жинақтау

Жоба жұмысының мазмұны:

1. Кіріспе.
2. Міндеттері
3. Зерттеу бөлімі

А) Қазақ еліндегі бағалы балықтар туралы мәлімет.

2. Негізгі бөлімі.

А) Бекіре балығына сипаттама.

Ә) Бекіре балығының пайдасы.

Б) Батыс Қазақстан Жәңгір Хан аграрлық-техникалық Университетінің питомник қызыметшісі

Г) Бекіренің ерекшелігі, өсетін орыны, емдік қасиеттері.

3. Ізденіс жұмыстарының нәтижесі.

4. Қортынды бөлімі.

5. Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

Кіріспе.

Теңіздің ауға түскен бекіресі,
Тулады шарасыздан кетіп есі.

Түбінде жел қайықтың жанталасты,
Алатын тағдырынан осы ма өші-деп ақын ағамыз Толыбай
Абылаев жырлағандай етінің дәмділігіне, уылдырығының
құндылығы жөнінен Қазақ елінде екінші орын алып келе
жатқан бекіре балығының азайып бара жатқаны кімді де
болса алаңдатары хақ.

Арал өңіріне алғаш табаны тиіп, "Арал халқына көмектесем
деген арманыма жеттім"- деп, көкірегін қуаныш керней
сөйлеген еліміздің президенті Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаев 2005 жылы алғаш бекіре балығына таңба салып
теңізімізге жібергенін білеміз. Осы сәттен бастап, бекіре
балығын өсіріп, дамытуды Қожасар елді мекеніндегі балық
өсіру питомнигі қолға алды.

Қазіргі таңда арал ауданында Қазақ балық шаруашылығы
ғылыми-зерттеу институтының Арал филиалы жұмыс жасап
келеді. Бұл филиалда бекіре уылдырығын Атыраудан
алдырып, оны өсіріп, 25-30 грамм салмақ деңгейіне жеткенде
теңізге жіберіп келеді.


"Бекіренің бел кеспесін жемеген басым, қойдың құйқалы
етіне зар болдым"-деп аңызда айтылғандай бұл ғылыми
жобамда бекіре балығының ерекше құндылығы, дамуы,
тіршілігі, туысы, түрі мен қазіргі таңдағы қолдан өсіріп
ұрықтандыру жағдайы, осы салада қызымет жасап жатқан
жанашыр азаматтардың еңбектері туралы баяндамақпын.

2(1) Зерттеу бөлімі.

Р/с	Уақыты	Зерттеу орны	Ақыл-кеңес беруші	Жұмыс мақсаты	Жұмыс нәтижесі
1.	Қараша 17. 11. 2014.ж.	325 каб. №34 мектеп - гимназия	Ж.К. Нурашева	Тақырып таңдау, Жоспар құру..	Бекіре Қазақ еліндегі бағалы балықтардың бірің
2	Желтоқс ан 10.12. 2014	Мектеп кітапханасы	Ж.К.Нурашева Кітапханашы. Өнесова Л.	Теориялық мәлеметтерді алу.	Ғаламтор арқылы ,керекті мәлеметтерді алу.
3.	Желтоқса н 15.12 2014	Бастауыш сынып оқушыларына сұрақтар қойдық	Ж. К. Нурашева.	Мектеп оқушыларымен блықтардың пайдасына тоқтадық	Оқушылардың балықтар туралы айтқаны.
4.	Қаңтар 26. 01. 2015	325 каб. №34 мектеп- гимназиясы	Ж.К. Нурашева	Балықтың өсуін қалай жетілдіреті туралы	Қосымшаны ғаламтордан алдым
5	Ақпан 10.02 2015	Ғаламтордан іздену.	Ж.К. Нурашева.	Балықтың емдік қасиеттері туралы.	Ғаламтордан алынған.
6	Наурыз 12.03 2015	Батыс Қазақстан Жәңгір хан атындағы бекіре балық питомнигінде	Ж.К. Нурашева	Бекіре балығын қалай өсіруі туралы.	Қосымша кеңестер лабараториядан алынды.
7	Сәуір 02 04 2015	Батыс Қазақстан Жәңгір хан атындағы бекіре балық питомнигінде	Ж.К. Нурашева	Бекіре балығының дәмді еті бағалы уылдырығын көрдім	Қосымша кеңестерді лабараториядан алдым

1. Қазақ еліндегі бағалы балықтар туралы мәлімет.

Қаяз- балық, тұқы тұқымдасының бір туысы. Қазақ елінде 2 түрі: Арал қаязы және болатмай Қаяз (шырман) бар. Болат- май Қаязы екі түр тармағына бөлінеді: біреуі оңтүстік Каспийде (Қазақстан бөлігінде кездеспейді); екіншісі Түркістан қаязы. Арал қаязынан ерекшелігі-ұзаққа өрістемейді, жергілікті(тұрғын) балық. Қабыршағы ірілеу, арқа қанатты кейін орналасқан және аумақтылау. Қазақ елінде Сырдария су алабында, Шардара су қоймасынан өзеннің сағасына дейін, Қаратаудың оңтүстік-батысындағы өзендер мен Шу өзенінің жазық бөліктерінде кездеседі. Оның түсі сарғышқа жақын-алтын сияқты. Әдетте Қаяздың арқасы бауырына қарағанда қоңырлау. Шабактарында қоңыр дақ болады. Ұзындығы 70 см-ге, салмағы 5,3 кг-ға дейін. Уылдырығын судың температурасы 23 градус болғанда өзендерде және су қоймаларындағы құмды, майда тасты жерлерге шашады. Қорегі әр түрлі: барлық су өсімдіктері, көпшілік омыртқасыздардың дернәсілдері, ауада ұшатын ұсақ жәндіктер, моллюскілер, Тасбекіре-бекіре тұқымдасына жататын балықтар. Құмдауытты және майда тасты қайраңдар мен өзектерді мекендейді. Дене пішіні лайлы ағысты суда тіршілік етуге бейімделген: басы күрек тәрізді жалпақ, көздері кішкентай, оның есесіне сезім мүшесінің қызыметін атқаратын ұзын мұрттары жақсы дамыған. Ерекше сауыт құрайтын қырлы сүйектері денесін механикалық жарақаттанудан сақтайды. Тасбекірелерді 2 туысқа жіктейді: америка Тасбекіресі және орта азиялық Тасбекірелер. Соңғысының Арал теңізі бассейнінде тіршілік ететін 3 түрі кездеседі. Соңғысының Арал теңізі бассейнінде тіршілік ететін 3 түрі



кездеседі. Үлкен әмудария Тасбекіресі денесінің ұзындығы 58 см, салмағы 760 г- нан 2,5 кг-ға дейін. Кіші әмудария Тасбекіресінің ұзындығы 30 см-дей. Үшінші түрі-Сырдария тасбекіресі. Уылдырығын (15 мыңға дейін) су температурасы 14-16 С-қа жеткенде, наурыз-сәуірде өзен арнасындағы қиыршық құмды және майда тасты қайраңдарға салады. Су түбіндегі майда омыртқасыздармен және балықтардың уылдырығымен қоректенеді. Бұл 3 түрде қорғауға алынып, Қазақстанның "Қызыл кітабына" енгізілген.

Бекіре-бекіре тәрізділер отрядына жататын ірі балық. Оның дене тұрқы 2 метрден басталып, 200 м-ге дейін жетеді. Салмағы 10 кг-нан бастап 1 тоннаға дейін жететін алыптарын да кездестіруге болады. Бекіренің тұмсығы қысқа, доғал не сүйрік, мұртшалары тұмсығының ұшына жақын, жотасында 5-19, бүйірінде 24-30, ал бауырында 6-14 қырлы сүйектері бар. 50-100 жылға дейін тіршілік етеді. Олар наурызайының аяғы мен сәуір айының басында ағысы қатты, тасты, қиыршық құмды жерлерде 250 мыңнан-1 млн-ға дейін уылдырық шашады. Шабактың ұзындығы 15-20 см-ге жеткенде теңізге шығады. Бекіренің шабақтары дернәсіл кезінде тұщы өзенде мекен етіп, 1 жылдан соң теңізде тіршілік етеді. Шабактары шаянтәрізділермен, құрттармен, ал ересектері моллюскалармен, балықтармен қоректенеді. Бекіре- бүйрек еті дәмді, ал қара уылдырығы өте бағалы кәсіп үшін пайдаланылатын балық. Торсылдағы жақсы жетілген, желбезек қақпағы бар. Сырттай ұрықтанады. Бұл балықтар Қазақ еліндегі бағалы балықтар қатарына жатқызылады. Қаяз балығы өсуі, дамуы, дәмділігі мен құндылығы жағынан Қазақ елі бойынша 1 орынға ие болса, 2 орынды осындай аталмыш ерекшеліктерімен бекіре балығы иленеді.

II. Негізгі бөлім.

2. Бекіре балығына сипаттама және оның пайдасы.

Бекіре балығы өзге балықтардан етінің дәмділігі мен уылдырығының құндылығымен ерекшеленеді. Бекіре балығының асқазаны мен омыртқа жотасының аралығындағы мүшесінен желім майы алынады. Сол балықтан алынған желім майын тұрмыста ағашты желімдеуге пайдаланылады. Сонымен қатар қазіргі таңда Арал ауданы өкпе ауруынан алдыңғы қатарлар санында тұрғаны бәрімізге белгілі. Сол аурудың емі осы бекіре балығының майы екендігі медицинада дәлелденген. Сондықтан бекіре осындай құндылықтары мен ерекшеліктерінен Қазақстанда II орындағы бағалы балық саналған. Бекіре балығының уылдырығының көлемі мылтықтың оғының бытырасында болса, ал оның іші аппақ сүтке толы болды. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Жәңгір хан Университетінің питомник қызметшісі Насамбаев Едиге Гапуевич кездесу барысында болып қайттым. Онда мен осы саланың үздігі, өз қызметінің маманы, кездесіп өзімнің көкейкесті сұрақтарыма жауап алдым. Қойған сұрақтарым бекіре балығының ерекшеліктеріне негізделді. Сауалды қою барысында мен бекіре балығын Арал теңізіне алғаш 2005 жылы елбасымыз жібергеннен кейін, Атырау маңындағы Каспий теңізінен 60000 дана уылдырық ұшақпен жеткізіліп, онан соң ол уылдырықтар Италияда жасалған Вэсь(астынан су беріліп тұратын) аппаратында дамытып өсіріліп, 25-30 грамм салмаққа жеткен кезде теңізге жіберілгендігі туралы мәлімет берді. Сонымен қатар қазіргі кезде бекіре балығының азайып бара жатқанына алаңдаушылық танытып отырған осы саланың үздік қызметкерлері бекіренің сирек кездесетін түрі

Белуга бекіре балығының аналығы мен Стерлет бекіре балығының аталығын қолдан ұрықтандырып, одан бекіренің жаңа түрі Бэстэр бекіре балығын алып, оны арнайы аппараттармен өсіріп, Каспий теңізіне жіберіп жатқандығы жөнінде айтты. Қазіргі таңда бекіре балығын өсіріп дамыту бюджеттен қаржы бөлінбеуге байланысты тоқтатылып тұрғаны тілге Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің балық шаруашылығы ғылымы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің балық шаруашылығы ғылыми зертханасында болды



Мемлекет басшысы қара уылдырық және тауарлы бекіре өндіру бағытындағы бекіре тұқымдас балықтарды тұйық суда өсіретін ғылыми-технологиялық өнеркәсіптік аквакешенмен танысты.

Ғылыми зертхана қызметі технологияларды жетілдіру және жаңа технологиялық шешімдер негізінде индустриялық аквамәдениетті әзірлеу мен игеру аясында жүзеге асырылуда. Зертхананың жобалық қуаты – жылына 8 тонна қара уылдырық және 86 тонна бекіре өндіру.ми зертханасында болды

Мемлекет басшысы қара уылдырық және тауарлы бекіре өндіру бағытындағы бекіре тұқымдас балықтарды тұйық суда өсіретін ғылыми-технологиялық өнеркәсіптік аквакешенмен танысты.



Ғылыми зертхана қызметі технологияларды жетілдіру және жаңа технологиялық шешімдер негізінде индустриялық аквамәдениетті әзірлеу мен игеру аясында жүзеге асырылуда. Зертхананың жобалық қуаты – жылына 8 тонна қара уылдырық және 86 тонна бекіре өндіру.иек етіп өтті.

2.4 Бекіренің қолдан өсірілу жағдайы туралы Батыс Қазақстан Жәңгір хан Университетінің балық шаруашылығында осы күнге дейінгі сақталып келген бекіре балығын көзбен көрдім. Олардың уылдырықтан дамып шыққан дәрнәсілдерін және содан өсіп шыққан шабақтарында байқауыма мүмкіндік жасады. Әрине қай сала болмасын өз жұмысының нәтижесін берері анық, осы салада біраз жылдар жұмыс жасаған ағай Атыраудан ұрықты алдырып, оны өзі өсіріп, теңізге жібергені туралы да сөзге тиек етіп айтып өтті. Балық шаруашылығы қиын да, әрі қызық мамандық. Оның әрбір атқарған ісі жауапкершілікті талап ететіндігін, бекіре балығын зерттеп, жіберу үшін теңіз басында 3 ай қызымет жасағандығы жөнінде айтты. Олар бекірені жібермес бұрын судың тұздылығын, оның температурасын өлшеп, сонан соң бекірені суға жіберетіндігі туралы да хабардар етті. Олар суға түскен соң моллюскалармен, есейе келе шаяндармен және балықтың шабақтарымен қоректенетіндігін де сөз етті.



Қортынды:

"Бекіренің басы тасқа тимей қайтпайды"- деп ата-бабамыз бекіре балығының ерекше қасиеттері мен өте сезімталдығы, етінің жұмсақ, дәмді, уылдырығы өте құнды балық екендігі осы мақалада айтып өткен. Оның уылдырығының сапасы жоғары екендігін Қазақ елінен басқа шет елдегі мемлекеттер де мойындаған. Бекіре суда желбезекпен тыныс алады. Сонымен қатар бекіре балығы уылдырығын қиыршықты, тасты жерлерге судың ағысы қатты болғанда теңізден өзенге өтіп келіп шашады. Уылдырық шашу уақыты аяқталғаннан соң, қайтадан теңізге оралады. Теңіздің ащы суында өмір сүруге бейімделген. Олардан шыққан дәрнәсілдер де өскен соң өзеннен теңізде өмір сүруге бейімделеді. Бекіре балығының тіршілік ортасы, құндылығы мен пайдасы мені өте қатты қызықтырды. Сонымен қатар осы салада жұмыс жасап, зейнеткерлікке шыққан азаматтар туралы да мәліметтер жинақтадым.

Ұсыныстар:

- . Балық шаруашылығымен айналысып жүрген азаматтар жайлы халық арасына кеңінен насихатталса;
- . Жәңгір хан атындағы балық өсіру питомнигіне саяхат жасау мектеп жоспарына енгізілсе;
- . Бекіре балығының өсуі мен ерекше құнды қасиеттері туралы баспадан кітаптар жарық көрсе;

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы Алматы 1999 жыл 2-том
2. Қазақстан Қызыл Кітабы беттеріне Алматы 2004 жыл
3. Аралдың экологиялық тынысы А.Нұрғызарынов
4. Қазақстандағы жануарлар әлемі Алматы кітап 2004 жыл
5. Арал атландидасы Толыбай Аблаев "Қазығұрт" Алматы. 2011 жыл
6. "Құрманғазы" жинағы 1999 жыл
7. Арал азаматтары Күмісов. К 2006 жыл

